

48
КҮНСАЯ ОСПАНОВА



Жыр-нөсер

Күнсяя ОСПАНОВА

ЖЫР – НӨСЕР

ХАЛЫҚ АҚЫНЫ
ТЕМІРҒАЛИ РҮСТЕМБЕКОВТЫҢ
ӨЛЕҢДЕР ЖИНАҒЫ

ББК 84 Қаз 7-5
О-78

“Мәдени мұра” бағдарламасы аясында Алматы облысының әкімі Серік Әбікенұлы ҮМБЕТОВТИҢ демеушілігімен жарық көріп отыр.

О-78 Оспанова К.
ЖЫР – НӨСЕР. - Талдықорған 2008 жыл - 134 бет.

ISBN 9965-32-500-6

«Жыр – нөсер» жинағына қасиетті Жетісу жерінде туып, 70 жылғы мәнді де мағыналы өмірін осы өлкеде өткізген, аузынан құс ұшырып, көмейінен жыр төккен, саналы ғұмырын туған жер, алтын бесігін жырлауға арнаған жыр дауылпазы, Қазақ ССР – інің Халық ақыны, Еңбек Қызыл Ту орденінің, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасының және бірнеше медальдардың иегері Темірғали Рүстембековтың қолға түскен өлеңдері жинақталған. Ал қаншама жыр, дастандары ел аузында жүр. Олар келешекте екінші кітабына арқау болмақ.

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-32-500-6

© Оспанова К., 2008
© типография “Офсет” 2008



КІРІСПЕ

*Малының түгін тартсаң майы шыққан,
Жеріне қазық қақсаң көктеп шыққан.
Жетісу қасиетті топырағынан,
Дарынды дарабоздар көптеп шыққан.*

*Жетісу жазирасын дүбірлеткен,
Қыздырған айтыс, жырды дүрілдеткен.
Өмірді әнге бөлеп, жырмен тербеп,
Дүниеден Темекеңдей дүлдүл де өткен.*

Темекеңнің дарыны түсінде ақсақалды қария ақ шүберекке орап әкеп бере салған, немесе, іштен күлшесін құшақтап туа салған оңай олжа емес еді. Ол өмір атты сынақ алаңында отқа күйіп, қазанда қайнап, өртеніп, балқып, өмірдің мартен пешінен өтіп шыққан сом талант. Сәби жүрегі өмірдің дауылына қасқая қарсы тұра білген, қиян – кескі арпалыстардан талай талықсып сүрінсе де құламай, қиналса да жыламай, өмірге деген құштарлығы оны алға жетелеген еді.

Алты жасында әкеден, сегіз жасында шешеден, сосын шешек шығып, оттай жанған жанарынан айырылып, бар ғұмыры тас қараңғы түнек түнде өткен, ата – анасының мейірімін, дүниенің жарығын, әлемнің сұлулығын тіпті сүйген жарының ажарын, сәбиінің күлкісін де көре алмаған жанның жүрегінде әуелі заңран – зар, сосын толқын – дария жыр дауылы көтеріледі. Домбырасы - дастанға, дауыл жыры асқарға айналады. Оның жан серігі де сырласы мен мұңдасы да домбырасы болады. Оның шытырманы мол, қиын да мәнді өмірі 1906 жылы, сол кезде «Байбатыр» атанған, кішкене ғана тау баурайына орналасқан қараша үйлі қазақ ауылынан бастау алған еді. Бірнеше қыздан кейін ата-анасын зарықтырып барып, өмірге бір ұл келген болатын. Аңсап жеткен жалғыздан Аллам айырмасын деп, оның жаны темірдей берік болсын деп атын Темірғали қойған. Жалғызының қызығын көре алмай, өмірден ерте көшкен марқұмдар Темешінің алдында қиян кескі айқас, шым- шытырық шырғалаңға толы тіршілік күтіп тұрғанын, әрине сезген де жоқ

еді. Құрмеуге келмес қысқа өмірлерін күрт үзіп, сегіз жасар соқыр ұлын жамағайынға қалдырып қайтпас сапарға кете барған. Өліп көрген жоқ жетімек, өзгенің бәрін көріп, өмірдің ащы-тұщысын, жақсы – жаманын, жауыздық пен ізгілікті, қатыгездік пен адамгершілікті, қулық пен сұмдықтың сырларын ерте түсінді балғын жүрек. Ойланып, толғануды, ашынып, тебіренуді, әр іске әр сөзге байыппен қарап, тұжырымдауды үйренді. Сондықтан да болар «Орнаған он төртінде отты дарын» деп оны дөріптеуші әріптестері айтқандай, мұңлы да зарлы әндер дірілдеген сәби жүректен ерте төгілді. Қатыгез ағайыннан ауыр сөз естіп, соққыға жығылған балғын жас ең алғашқы мұң - зарын анасына арнайды:

Кірмейсің түсіме де қайран анам,

Сабанда жылап жатыр соқыр балаң.

Сипайтын маңдайымнан тірі жан жоқ,

Білмеймін қашан өлем, қайда қалам?

деген өлең жолдары сезімтал жүректі оқырманды бейжай қалдырмасы даусыз. Тағдыр тәлкегінен қалжыраған бүлдіршін, ата – анасының бейітін сипалап отырып:

Енді тірлік менің үшін далбаса,

Тезірек кеп ажал мені жалмаса.

Барар жерім, басар тауым қалмады- ау,

Ата, ана қастарыңа алмасаң, - деп,

зар еңірген сәтте, өз бақытының осы бір запыран – зардан бастау алып, бүкіл қалған өмірінің жырға бөленіп, жырмен тербеліп, ауызынан құс ұшырып, әнімен күн сүйіп, өз халқының, ел- жұртының сүйіктісі боларын әрине ол сол кезде сезген де жоқ еді.

Бейітін аймалап зарлаған бөбегіне ата – анасы қол беріп демей алмаса да, дем беріп, аруағымен жебеп жіберсе керек. Оның сәби көкірегі күмбір- күмбір күйге толып, бар ауыр мұңын бейіт басына қалдырып, ең үлкен тәтесі Хадиша мен жездесі Смағұлдың ауылын бетке алады. Смағұл марқұм бай болмаса да, мейірімді сезімтал, көңілі ояу жан еді. Жыртық тоны тізесіне жетпей, арық денесі ырғайдай кір – кір шашы ұйпаланған соқыр қайнысын көргенде жаны қатты ашыған. Тамаққа тойғызып, жуындырып, таза киім киіндіріп, біраз уақыт жанына ертіп жүрген. Ілулі тұрған ескі домбыраны сұрап алып, сипалап отырғаның

көріп: «Немене өлең айтқың келе ме»? деген әзілдеп. Темірғали сәл жымыып жездесіне арнап екі шумақ өлең айтқан еді. Сол бір- екі ауыз өлеңінің аржағында көзін шөп-шалаң басып, бітеліп қалған мөлдір бұлақ жатқаның сезінген жездесі оны киіндіріп, астына тай мінгізіп, қолына домбыра ұстатып, батасын беріп еркіне қоя берген еді. Сол бата ақ бата болып, ақындықтың ақ жолына алып шыққан еді оны. Бұлақтың көзі ашылып, дарын дариясына ұласқан. Жетпіс жыл ғұмырының алпыс жылын ақындықтың қиын да қызықты тіршілігіне арнап, ел жұртының аудан, облыс, республика жұртшылығының сүйіктісіне айналды. Алғаш рет айтысқа түсер сәтте жазушы Ғабдол Сланов Темекенді ұлы жазушы Сәбит Мұқановқа алып барған еді. Бойы сорайған, өзі шидей арық, кембағал бала Сәбеңе бірден ұнай қоймаса керек. Есіктен кірген Темірғалиға сәл көз тоқтатып: «Ақын болсаң, көнеки, сол тұрған жерінде өлең айтып жіберші» депті. Сонда Темірғали іркілместен:

*Ассалаумағалейкум, ақын аға,
Ән – жырға жүрегімен жақын аға.
Өлеңнен өз есемді алайын деп,
Кеп тұрмын жолым түсіп астанаға.*

*Жас жаным шайқалмаған бір тұнық сыр,
Тулайды толқын атып, толықсып жыр.
Ақ бата өзіңізден сұрай келдім,
Көк тұйғын алғаш аңға түскелі тұр, – деген екен.*

«Ой бәрекелді, ақын деген осылай сілтесе керек. Жарайсың жігітім! Жолың болсын! Ғабеке, томағасын сыпыр да қос бәйгеге,» - деп оған өзінің риза көңілін білдіріп, айтысқа қатысуға рұқсат еткен екен. Сол Сәбеңе тұмылдырығын сыпырған бала ақын, өзінің жетпіс жыл ғұмырында сан сайысқа қатысып, жауырыны жерге тимеген, жеңілу дегенді білмеген ақиық ақын боп, ел-жұртының сүйіспеншілігіне бөленген еді. Талай тарлан ақындар Темекеннен жеңіле тұра, ол туралы, оның айтыс кезіндегі мәдениеттілігі, мәнері, тапқырлығы туралы ерекше жылы лебіз білдіріп отыратын. Ұлы той, үлкен жиындардың көркі болған Темекен 1948 жылы «Қазақ ССР-інің халық ақыны» деген құрметті атаққа ие болды. «Еңбек Қызыл ту» орденін қадады төсіне. Осы бір бақытты сәтте Темекен қуанышын

өлеңмен өріп:

*Жадырап жаңа өмірдің таңы атқанда,
Шаттығы бойға сіңіп, тарап қанға.
Шарықтап, көңіл шіркін көкке өрлеші,
Қыраң боп аспанға ұш қанаттан да.*

*Ойланған сөз қазынасын ашпасын ба?
Шаттықтан шабыт көрнеп таспасын ба?
Елім бай, Отаным бай, халқым да шат,
Бақыттың сайрап жүрмін бақшасында, - деп шырқайды.*

Темекең туралы Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ғабдол Сланов, Мұзафар Әлімбаев, Ғали Орманов, Қалқа Жапсарбаев, Артық Жексенбеков, Дәнеш Рақышев, Жұматай Жақыпбаев, Ғаббас Өкеев, Әшімхан Баисов сияқты өлең, жырдың, ән мен күйдің мән жайын терең түсіне білетін ақын – жазушылар құнды пікірлер айтып, жоғары бағалаған. Ал атақты композитор Нұрғиса Тілендиев ақынның үйіне арнайы қонаққа келіп, қона жатып, оның көптеген ән – жырларын таспаға түсіріп өкеткен болатын. Дуалы ауыздан шыққан жылы лебіздер, Темекеңнің өз дәуіріндегі айтыс ақындарынан шоқтығы биік, тума талант, жарық жұлдыз екенін дәлелдейді.

Темекең негізінен айтыс ақыны болғанымен ол әр – түрлі тақырыптарда ойлы өлең жырларды молынан айтқан адам. Оның «Туған өлкем», «Жетісуым - жеті өзен», «Ауылым», «Талдықорған», « Жайлауда», «Домбырам» сияқты толып жатқан өлеңдерінде туған жер, алтын бесігіне деген шексіз махаббаты, ыстық сезімі лықсып тұрады. Мынау ғажайып ғаламдағы күн мен түнді қос жанар ажырата алмаса да, сол кереметті көкірек сарайымен көріп, көңілімен сезіну үшін қандай нәзік сезімтал жүрек, сергек көңіл қажет десеңіші!

*«Көкірек төсеймін, нәр алам самалдан,
Бозторғай шырылдап, төбемде ән салған,» - десе, тағы бірде:*

*Шың құзға ақ сәлдесі қарап өскен,
Ерекше өзгелерден дара емес пе ең.
Көз қысып, жұлдыздары шаңырақтан.*

Шашымды самал желі тарап өскем.

- деп «Жайлауым» деген өлеңінде, өзінің самалдан нәр алып, бозторғай шырылынан сыр түйіп, табиғат сұлулығын жан дүниесімен сезіне білген, көңіліне сыр тұнған, нәзік сезімді жан екенін байқатады.

Темекең қарадүрсін айтыс ақыны ғана емес, ол лирик, философ ақын. Темекеңнің өлеңдерін оқып отырғанда, оны дүниені көрмей жырлаған ақын деп айта алмайсыз. Оның көкірек көзінің соншалық ашықтығына қайран қаласыз. Мысалы ол жайлау туралы бір өлеңінде:

Апай төс, алдымызда тұрған мойнақ,

Құзар тас қына оранған бәріңе айғақ.

Немесе:

Жамырап бауырынан бұлақ қашқан,

Тәгіп сап, ақ жауынын сынапты аспан, - деген жолдардағы суреттер қандай тамаша! Осындай нәзік сезім иесі дарын қысқан кезде кенеттен өрт, дауылдай буырқанып, нәсерлеген шабытына ие бола алмай кетеді:

Ормандай ырғалтамын дауылдатып,

Бұлттай нәсерлетем жауындатып.

Көмейден сөз тасқыны жосығанда,

Тыңдайды жырды қалың қауым балқып.

Немесе:

Теңіздей тербетіліп қиял шіркін,

Жорғадай жолға түскен жөнелші ағып.

Халқымның дауылпазы болсам деймін,

Көк сүйген бұлтты жарып, қанат қағып, - деп көкіректі кернеген тасқын шабытын жыр селімен ағызып шығарады.

Темекең өмірді өксіп бастап, мұң мен зарға толы жыр толғағанымен, уайым сарынынан тез айығып, өмірдің мәні өксу мен өкінуде емес, өмірге деген құлшыныста, құштарлықта, өмірден өз орнын таба білуде екенін ақын жүрегі тез ұғады. Сондықтан да ол өз бақытын ән мен жырдан табарына кәміл сеніп, ақындықтың қиын да қасиетті жолын қалайды:

Көрмедім ғажабыңды өмір сенің,

Табиғат тамашаңа емінбедім.

Көкірек күйге толып, жыр кернесе,

Ағызам тоқтата алмай жырдың селін, - деп, көңіл

толқынысын сездіреді.

Шабытын қамшылап, өзіне жан серік болған домбырасына
риза болып:

*Домбырам, шабытыма болшы серік,
Ән қосып, жосылшы бір дауысыма еріп.
Күмбірлеп көтерілші дауылпаздай,
Жүйріктей топтан озған бітсін желік.*

*Домбырам - үн серігім қолға алатын,
Өлеңді өршіктірер қолғанатым
Тереңнен сөз маржанын сүзіп алсам,
Жүректен жырдың селі қозғалатын,- деп,
домбыра – дастан серігі жайлы шабыттана жырлайды.*

Темекең өмірдегі көп құбылыстарға өз түйсігімен тұжырым жасап, өз ойын тапқырлықпен тұжырымдай білген жан. Мысалы: Текелі қаласының байлығы жайында:

*Биіктен бұлт толқиды сені шолып,
Сан ғасыр шыр айналды қыран қорып.
Бағбаны мол бақыттың сен екенсің,
Төскейің керілуде байлық толып, - десе,*

Жетісу өлкесі туралы:

*Құт мекен берекелі Жетісуым,
Жанаттай құлпырады өскен нуың.
Жайқалып ыргалады кең алқапта,*

Миуалы өсімдіктер ішкен суын, - деп өз өлкесінің байлығын мақтанышпен жырлайды. Өлкедегі табыс көзінің бірі болған қызылша жайлы да тамсана толғап кетеді:

*Қызылшада байлық та, бал да осында,
Еңбегіңмен келетін мән де осында.
Ішсең шаймен шөліңді қандыратын,*

Таңдайыңнан кетпейтін дәм де осында, - деп оның адамдар үшін өте пайдалы екенін айтады.

Ал ендігі Темекеңнің айтыстарына келетін болсақ, ол өз алдына бір хикая. Жетпіс жылдық ғұмырында жауырыны жерге тиіп көрмеген дарабоз ақын сан саңлақтармен сайысқа түсіп,

отты да орынды, сыншыл да сыршыл шумақтармен, ел есінде қалып қойған. 1960 жылы сол кездегі астанамыз Алматыда өткен Республикалық айтыста жазушы Мұхтар Әуезов оған өте жоғары баға беріп «Құрмет грамотасын» тапсырып, оқалы пүліш шапанды өз қолымен жапқан болатын.

Ал ақын Мұзафар Әлімбаев болса, Темекеннің өз қарсыласын араға секунд салмай – ақ құйрықтан алып, құлақтан басып, тұралатып салғанын, сол айтыстан бері отыз жыл өтсе де оның көркем де құнды сөздері жадында жатталып қалғанын риза көңілімен айтады.

Темекен өте тапқыр айтыс ақыны болған. Оның шеберлігі фактілерді алыстан іздеп әуре болмай, қолда барды сомдап, қолма – қол түйінде білуінде еді. Мысалы бір айтыста қарсыласы Темекен домбырасын қорапқа емес, пүліштен тігілген қабымен ұстап жүргенін байқап қалып, оны сүріндірмек болып:

Темекен, сізбен көптеген бері таныспын,

Біршама жүдеп, ашаң тартып қалыпсың.

Домбыраңды салатын қорап таба алмай,

Жеңешемнің шұлығына орап алыпсың, - деп оны түйреп өтпек болғанда, Темекен бірден:

Домбырам – дастан шежіресі халқымның,

Куәгері күйшіл, әншіл салтымның.

Қоржынға салып, пүлішке орап жүремін,

Гробқа салман, саған ұқсап, жарқыным, - дегенде отырған жұрт ду қолшапалақтап жіберген еді.

Темекен ақын Абай Асылбековпен айтысқанда да Абай өз ауылының бетке ұстар жақсы істерін тізбелеп, ұзақ мадақтап, өз ауданының Талдықорған ауданынан әлдеқайда озық, алда екенін айтып, Талдықорған ауданының ұсақ – түйек, кем – кетігін тергіштеп, Темекенді шымшылай береді. Сол кезде ол домбырасын серпілте бір шертіп алып:

Абайжан, абайлағын сен де мені,

Айтпасам жамандағым келмегені.

Алқалы топ алдында болмайды екен,

Ағаңның сыбағаңды бермегені.

Ақынның толғаныстан туады әні,

Ауданы озған ақын қуанады.

Қалғандар дүбірлетіп қол соққанда,

Өзге емес, Талдықорған ту алады, - деп сол жылы облыстағы социалистік жарыс озаты өзге емес Талдықорған екенін бір – ақ шумақ өлеңмен жеткізеді.

Екінші бір айтыста Қараталдық ақын Артық Жексенбековпен сайысқа түседі. Осы жылда Қараталдықтардың тасы өрге домалаған, ал Талдықорғандықтардың табыс көрсеткіштері мез емес еді, сондықтан Темекең жеңіске жетудің ұтымды жолдарын ойластырды. Артық ақын аудан табыстарын шалқи жырлап, өзінің қайтсе де бұл жолы Темекенді сүріндіреріне нық сенімде еді. Ол табыстарын масаттана жырлап кетеді. Әр саладағы биік көрсеткіштерін тізбелеп барып, сиыр фермасына да жетеді:

Сауын сиыр орнынан қозғалмастан,

Науасынан су ішіп, қанып отыр.

Жеміне картоп, жүгері, асқабақ жел,

Сиырдан сүт бұлағы ағып отыр,

Сүт алдық Қадишадан 1800

Жарыстың маңдай алдың алып отыр, дегенде:

Темекен сәл жымияды да:

Япырмау, мынау Артық адам екен,

Шынында сүт саууға маман екен.

«Сүт алдық Хадишадан» деп отыр ғой,

Сауғаны сауыншыны жаман екен, - дегенде отырған жұрт ду күледі.

Темекен ылдифа салса, өрге шапқан шалқар шабыт иесі. Кешкі астан соң ән тыңдауға отырған жұрт, таңғы әтеш шақырғанша ол жырлаған қиссаларды кірпік қақпай тыңдаушы еді. Дарынды ақын марқұм Жұматай Жақыпбаев Темекен жайлы:

Тәрде отырған Темекен,

Мыңсайрамы адамның,

Таң атқанша жырлады,

Таң атқанша ел тыңдады.

Балпық батыр тұсында

Болып өткен шыңдағы

Айқастарды жырлады

Орнады бір тыныштық,

Індет келген тау шыңға,

Ие бар ма сөзінде,

«Кие бар ма даусында, -деп ақынның шалқар талантына бас ие тамсанады.

Ақын өзінің бар өмірін халық арасында өткізеді. Ел – жұртының қуанышына қуанып, қайғысына ортақтасып жүреді. Халқының басынан өткен қилы кезеңдер оның сезімтал жүрегінде із қалдырмай өтпеді. Сондықтан да болар. Ақын жырларын оқи отырып, бейне бір тарих беттерін парақтағандай боласыз. Оның жырлары қазақ елінің басынан өткен көп жайлардан хабардар етеді. Әсіресе, ел басына зобалаң тудырған қара күн – 1941 жылдың маусымы еді. Осы кезде майданға қарай лек - легімен ағылып, Отан қорғауға аттанып бара жатқан ер – азаматтармен бірге кете алмай, бала- шаға, кемпір – шал, әйелдердің арасында қалуға мәжбүр болған ол қатты күйзеледі. Бірақ жан күйзелісін ақылмен басып, елі үшін шыбын жаның шүберекке түйген азаматарға жалынды жырларын арнайды:

*Домбырам қолымдағы безілдесін,
Көкірек сыздаса да езілмесін.
Халқымды жұдырық қып жұмылдырған,
Ызаны жүрек қалай сезінбесін?*

*Майданның сұрапылды сонарында өр,
Елімнің – ақ түйғыны бола алыңдар.
Ақ тілек, ақ батамен аттандырған,
Ортаға тек жеңіспен оралыңдар, - деп толғайды.*

Темекең сан – салалы тақырыптарды жырына өзек еткен жан. Ол үшін туған жайлаудың салқын самалы да, ауылдастарының ерен еңбегі де, халқымыздың космосқа дейін шеккен сапарлары да, сәбилердің шат күлкісі де шабытына серпін беріп отырған. Сондай – ақ көрмесе де естіп, сезіп жүрген кемшіліктер де оның уытты сынынан шет қалмаған. Шырын сөзді, кең тынысты ақын бірнеше жыр – дастандарының авторы. Оның қиялынан туған «Балпық батыр», «Үш жалаңаш», «Жетім бала», «Сәлім мен інісі» сияқты дастандары бар.

Темекеңде философиялық ой – тұжырымдар мол. Оның «Адамның ғұмыр жолдары», «Жанның денемен қоштасуы» атты толғаулары адамға ерекше ой салып, осы жалпақ жалғанда көбелек боп өмір сүргендерді байсалдылыққа, байыптылыққа, мейірімділік пен қайырымдылыққа бетбұруға мойынсұндырады.

Бескүншілік дүниеде адамгершіліктің ақ жолынан таймауға, асып – таспауға шақырады. Бәріміздің барар да жатар жеріміздің бір екенін ескертіп, астамшылықтан сақтандырады.

Иә, тума талант, төкпе ақын, ірі тұлға Темірғали Рүстембекұлы да бұл пәни жалғанға шумақ – шумақ жыр қалдырып, аққан жұлдыздай жарқ етті де, жоқ болды. Елдің есінде оның күмбірлеген күйі мен құлақ құрышын қандырған әдемі қоңыр үні қалды.

*Өмірдің өкінбеймін өткеніне,
Кете алсам із қалдырып өткеліме.*

Мұра гып жырдан өрнек тоқып кеттім,

Ұрпағым, аз қалдырсам мені сөкпе, - деп өзінің ең соңғы демі бітерде ел-жұртымен қоштасқандай күрсініспен айтқан соңғы шумағы әлі есімде.

Ақынның өн-жыр әлеміндегі өмір жолы осындай болса, ал өмірде қалдырған ізі де баршылық. Өзінен туған бес баласынан тараған 35 немересі мен 41 шөбересі қазақ елінің түкпір-түкпірінде өмір сүруде. Біразы ақынның туған ауылында тіршілік етуде. Темекеннің құнды заттары Алматы облыстық мұражайда сақтаулы. Ал ең маңызды да мазмұнды мұражай ақынның көп жылдар еңбек еткен аудан орталығында ашылар деген үміттеміз.

БЕІГ БАСЫНДА

Биік мәннің қазырасың тартым тәнім,

Әсер еткен жалғандық, суық...

Естілмей ме сөзіңнің шырғын,

Тек қызыл басын кетті шыбыл.

Атам менің досым тәртіп, АБ жүйе,

Өң-бұлды-бұлғыш ерлік қайыңы,

Енді ойнай қарлап келдің, отамна,

Қандайсың бұл дүниедегі өзіңнің.

Сөздерің менің жүрегіме қалғанда,

Менің жүрегіме бірің жол жалғанда,

Төтегің менің жүрегіме аялдап,

Сұлуың беріп, тіріңді жерің талғанда.

II-БӨЛІМ

АҚЫННЫҢ ӨЛЕҢ, ЖЫРЛАРЫ, ТОЛҒАУЛАРЫ

ЖЕТИМ ЗАРЫ

Кірмейсің түсіме де қайран анам,
Сабанда жылап жатыр соқыр балаң.
Сипайтын маңдайымнан тірі жан жоқ,
Білмеймін қашан өлем, қайда қалам?

Жетпейді тірсегіме жаман тоным,
Жұлдыздай жыртығы да жетеді оның.
Құдайдан сұрап алған жалғызың ем,
Маңдайда жырта қарыс болды-ау сорым.

Өмірім өтер ме екен сиыр бағып?
Жаурадым, қарным ашты өзек талып,
Біреудің аялаған жалғызы едім,
Осынша сорлы болып тудым неғып?

1916 жыл

БЕЙІТ БАСЫНДА

Анам менің жатырсың ғой тым-тырыс,
Әсер етпей жалғандағы құбылыс.
Естілмей ме сәбиіңнің шырылы,
Тақымына басып кетті ыбылыс.

Атам менің- асқар тауым айбыным,
Өзің барда білмеуші едім қайғыны.
Енді міне зарлап келдім басыңа,
Батқандай боп бір-ақ күнде ай, күнім.

Сендер кетіп, мен панасыз қалғанда,
Мынау жалпақ мейірімі жоқ жалғанда.
Тәтем еді жетелейтін аялап,
Сусын беріп, таңдай кеуіп талғанда.

Жаным кейіп, налығанда тағдырға,
Жұбататын панам еді ақырғы.
Қимады ғой қатал жандар аяусыз,
Отырғызып кетті-ау мені тақырға.

Енді тірлік менің үшін далбаса,
Тезірек кеп ажал мені жалмаса.
Барар жерім, басар тауым қалмады-ау,
Ата, ана, қастарыңа алмасаң.

1918 жыл

БОЗТОРҒАЙ

Жанымды аялап, самалы көктемнің,
Түседі есіме сонау бір өткен күн.
Асқар тау- өкемнің алдына отырып,
Осынау жазықпен ән тербеп өткенмін.

Сол кезде гүлдер де самалмен шайқалған,
Бозторғай шырылдап, төбемде ән салған.
Мейірімін мол төгіп аспаннан алтын күн,
Шашымнан сипап еді аялы алақан.

Өкемнен айрылып, мен қалдым құлазып,
Басымда баспанам- айдала, құладүз.
Мұңдасым бозторғай шырқаған бебеулеп,
Еске алып атамды жылаймыз екеуміз.

Шырылдап бозторғай шырқайсың заңғарда,
Өніңді, зарыңды тыңдайды бар дала.
Мен мұңлық өксимін, сыздайды жүрегім,
Жайымды сезетін жалғанда жан бар ма?

Өтер ме өксумен өмірім арманда?
Әлде бір арайлап ататын таң бар ма?
Торғайдай шарықтап шықсам-ау биікке,
Қақсам-ау қанатты сонау бір заңғарға.

Керсем-ау әлемді жайнаған нұр толып,
Шалқар кел, өзенді тасыған күркіреп.
Шашылып кетсем-ау далама ұрық боп,
Жайқалып шықсам-ау, солмайтын гүл болып.

1920 жыл

ӘЛІБЕККЕ

Әлібек, сенің атын көпке мәлім,
Естісем басқа шабар бойда қаным.
Алдымен мес қарныңды сөгер ем-ау,
Бойымда қуат болып, келсе әлім.

Жауыздық сенің соғар сойылың да,
Жоқ шығар, сірә сенің тойымың да.
Сатқын боп, Қытай асып кеткеніңмен,
Жездемнің қаны сенің мойыныңда.

1918 жыл.

ТАСТАН ТӨРЕГЕ

Ассалаумағалейкум, Тастан төре,
Басынан мейманасы асқан төре.
Балаға немереңдей үйленбек боп,
Аяққа ар – ұятын басқан төре.

1918 жыл



Бұл сурет 1934 жылы түсірілген. Жұртшылық ашаршылықтан аман шығып, жаңадан тіршілік бастаған кез болатын.

Суретте /солдан оңға қарай түрегеп тұрғандар/:

Темекеңнің жиені, кейінде ұлы Отан соғысында қаза болған Мәжит Оспанов, ортада Темірғали Рүстембеков, құдағиы Фазила Ахметжанова. Отырғандар: /солдан оңға қарай/: жездесі Оспан Ахметжанов, Оспанның інісінің баласы Әнуәрбек Ахметжанов, Темекеңнің үлкен әпкесі Мәймунә Ахметжанова кішкене қызымен.



Суретте /солдан оңға қарай/:

Темекеңнің қарындасы Насиха, зайыбы Нәсіпбала, жиен қызы Қаншайым.

СӘБИТ МҰҚАНОВҚА

Ассалаумағалейкум, ақын аға,
Ән - жырға жүрегімен жақын аға.
Өлеңнен өз есемді алайын деп,
Жол түсіп, келіп тұрмын астанаға.

Жас жаным шайқалмаған бір тұнық сыр,
Тулайды толқын атып, толықсып жыр.
Ақ бата өзіңізден сұрай келдім,
Көк тұйғын алғаш аңға түскелі тұр.

ТЕМІРҒАЛИ МЕН НӘСІПБАЛАНЫҢ АЙТЫСЫ

Темірғали:

«Кір» дейсің орамалың ерке сұлу,
Назыңды қиын емес маған ұғу.
Жасырмай топ алдында шыныңды айтшы,
Келе ме өз қолыңнан соны жуу?

Нәсіпбала:

Бекерге соқтығасың бала ақын,
Сенімен айтысуға жоқ-ты зауқым.
Кір болса орамалың қыздар көп қой,
Біріне таңдап алып, жуғызатын.

Темірғали:

Сыңғырлап таудың ерке бұлағындай,
Төгілген діріл қағып үнің қандай.
Қалқажан үніңді естіп құмартушы ем,
Көңілім бір өзіңе ұмтылғандай.

Мен сені елден ерек балап едім,
Өзіңді топ ішінен қалап едім.
Еріңді бауырыңа алып тулайтындай,
Не айттым, қалқам, саған алабетен?

Нәсіпбала:

Айт, айтпа жел сөзіңнің керегі жоқ,
Айтқанмен маған Құдай берері жоқ.
Біреудің жұртта қалған жесірімін,
Мен үшін болашақтың дерегі жоқ.

Сатылғам сегізімде қалың малға,
Тағдырға қарсы тұрар халім бар ма?
Қуң болып өткен өмір талай жылдар,
Ойымнан көрген қорлық арылар ма?

Темірғали:

Салынба сары уайымға Несіп шырақ,
Ауылы тұл заманның кеткен жырақ.
Жарқырап, жаңа өмірдің таңы атқанда,
Еңсеңді көтер биік енді ширап.

Өлеңнен өрнек тоқып, гүл себейін,
Сен үшін маржан төксін үн – көмейім.
Қалқажан, ақ ниетті қабыл ал да,
Жақын кел, жылуыңмен емделейін...

НЕСІПБАЛАҒА

Неткен майда алақаның жібектей,
Қалай тұрсын жүрек шіркін, дір етпей?
Самал желпіп өткендей – ақ сезінем,
Көріп жүрсем, қалқам сені күн өтпей.

Ниетімді құптап, қабыл ала алсаң,
Алақанға бақ құсы боп қона алсаң.
Менің күнгірт көңілімнің төріне,
Сәуле төгіп шырақ болып жана алсаң.

Күнде жанып, лапылдамай тынар ем,
Қабыл алсаң тілегімді, шынарым.
Асқақ арман орындалып бір жола,
Қансын менің саған деген құмарым.

БҰРЫҢҒЫ ЕСТЕН ШЫҚТЫ ЗАРЫҚҚАНЫМ

Бұрыңғы естен шықты зарыққаным,
Қарын ашып, өзек талып, тарыққаным.
Октябрь берген бақыт арқасында,
Шаттыққа жүрек толып, шарықтадым.

АЗАМАТТАР МАЙДАНҒА АТТАНҒАНДА

Аяулы ақ қанатты сұңқарларым,
Тас үккен тұяғымен тұлпарларым.
Жол тартып барасыңдар ауыр сынға,
Оң болсын сапарларың ұландарым.

Домбырам қолымдағы безілдесін,
Көкірек сыздаса да езілмесін.
Халқымды жұдырық қып жұмылдырған,
Ызаны жүрек қалай сезінбесін.

Мынау нұр, мынау байтақ атырабым,
Әр таңды ақ ниетпен атыратын.
Баспасын жаудың жауыз қан табаны,
Елімнің қасиетті топырағын.

Ту еткен болашаққа гүл арманын,
Ауылымның мақтанышы қырандарым.
Аялар ұлы Отанды, туған жерді,
Қуаныш, жеңіс болсын ұрандарың!

Майданның сұрапылды сонарында әр,
Елімнің ақ тұйғыны бола алыңдар.
Ақ тілек, ақ батамен аттандырған,
Ортаға тек жеңіспен оралыңдар.

1941 жыл.

АТЫБАЛАНЫ ЖҰБАТУ

Тілім жетпей қиналсам,
Сен жеткізші домбырам.
Қайғы басқан көңілді,
Селт еткізші домбырам.

Безілдеші серпіле,
Уайым бұлтын сөгілтіп.
Қайғы басқан көңілге,
Үміт сәуле төгілтіп.

Еңсемізді басты ғой,
Соғыс өрті тажал боп.
Ысқырады жыландай,
Әрбір оғы ажал боп.

Қанға бояп даламды,
Күңірентіп ғаламды.
Жау келеді ентелеп,
Шырықтырып санамды.

Ер-азамат жөнелді,
Қорғау үшін Отанды.
Егілмеші, жеңеше,
Жолдай берші батаңды.

Ел басынан қара бұлт,
Сөгілсін деп тілеші.
Жау басына ажал оқ,
Төгілсін деп тілеші.

Ер-азамат ауылға,
Аман келсін деп тіле.
Қуаныш пен жеңісті
Ала келсін деп тіле.

Жылай берме жеңеше,
Берік ұста өзіңді.
Құр егіліп, сөгіліп,
Таусып алма төзімді.

Ана көңілі сенбесе,
Үміт оты сөңбейді.
Батыр туған ұландар
Ешқашанда өлмейді.

Басың көтер, жеңеше
Көз жасыңды жудағы.
Жақсы тілеу тілей бер,
Белді бекем будағы.

Шаттық сеуіп далама,
Жеңіс таңы атады.
Көп ұзамай зұлым жау,
Батқан күндей батады.

1943 жыл.

Ұлы Отан соғысының ауыр жылдары, майданға кеткен азаматтардың орнын ауылдағы әйелдер басты ғой, колхоздағы барлық ауыр жұмыс солардың еншісіне тиген еді. Сол жылдары Темекең қос басына жиі барып, олардың көңілдерін әзіл-қалжыңымен көтеретін.

ШӨПШІЛЕР ҚОСЫНДА

Сусылдатып шалғысын,
Майда құрақ шапқаны.
Басып озып келеді,
Гошковадан басқаны.
Көк шалғыннан тау үйген,